

Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі айдындарында мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою жөніндегі ұлттық жоспарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 мамырдағы N 676 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 сәуірдегі № 422 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.04.06 № 422 Қаулысымен.

"Мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою жөніндегі ұлттық жоспарды әзірлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 876 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі айдындарында мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою жөніндегі ұлттық жоспар (бұдан әрі - **Ұлттық жоспар**) **бекітілсін.**

2. Ұлттық жоспардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне жүктелсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.22. N 730 Қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.21. N 602 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 6 мамырдағы
N 676 қаулысымен бекітілген

Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою жөніндегі ұлттық жоспар

Ескерту. Мәтінде: "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі", "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің", "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне" және "

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігімен" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі", "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің", "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне" және "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігімен" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2007.08.22. N 730 Қаулысымен.

"Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою жөніндегі ұлттық жоспар" (бұдан әрі - Ұлттық жоспар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 876 қаулысына сәйкес әзірленген және Каспий және Арал теңіздерінің қазақстандық секторы мен Қазақстан Республикасының шекарасындағы ішкі су айдындарына қолданылады.

Ұлттық жоспар мемлекеттік басқару органдарының қатысуымен жүзеге асырылатын және авариялық жағдайлар мен басқа да себептерден пайда болған мұнайдың төгілуіне дайындықты, оған уақтылы ден қоюды және оның зардаптарын тиімді жоюды қамтамасыз ететін тараптардың күштерінің өзара қимылы мен өзара іс-қимылы мен күш-жігері интеграциясының тәртібін айқындайды.

Ұлттық жоспар төгілуге кінәлі айқындалмаған не оның зардаптарын өз күшімен жоя алмайтын жағдайларда қазіргі кездегі немесе бұрынғы өндірістік қызметтің нәтижесінде туындаған мұнайдың төгілуін де қамтиды.

Ұлттық жоспарда тікелей іске қосылған тараптарға: теңізде және су айдындарына тікелей жақындықта мұнай операцияларын жүзеге асыратын, мұнайды өндеумен және көліктік тасымалдаумен айналысатын компаниялар;

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі;

Облыстардың әкімдері жатады.

1. Негізгі терминдер мен айқындамалар

Осы Ұлттық жоспарда қолданылатын терминдер мен айқындамалар мыналарды білдіреді:

1.1. Араласу - жауапты тараптардың өтініші бойынша төгілуді жоюға белсенді түрде араласу жөніндегі не жауапты тарап қолданатын іс-қимылдар

жеткіліксіз немесе сәйкес емес болған жағдайда мемлекеттің атынан жүзеге асырылатын кез-келген іс-қимылдарды білдіреді.

1.2. Ішкі су айдындары - Қазақстан Республикасының шекарасында орналасқан көлдер, жасанды су қоймалары және ағыстары.

1.3. Командалық орталық - Ден қою шараларын үйлестіруші төгілуді жоюға байланысты іс-қимылдарды үйлестіру үшін белгілеген орын.

1.4. Жағалаудағы аймақтағы ден қою шараларын үйлестіруші - Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен келісім бойынша облыс әкімі жағалаудағы төгілудің зардаптарын жою және Ұлттық жоспардың шеңберінде қоршаған ортаның компоненттерін оңалту жөніндегі қызметке басшылық ету мақсатында алдын ала тағайындаған т ұ л ғ а .

1.5. Төгілуге ден қою шараларын үйлестіруші - Ұлттық жоспардың шеңберінде төгілулерді жоюмен байланысты іс-қимылдарды жалпы үйлестіруді және басқаруды жүзеге асыру үшін Мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі ұлттық комиссиямен келісім бойынша тиісті мемлекеттік орган тағайындаған т ұ л ғ а .

1.6. Теңіз - Каспий және Арал теңіздерінің қазақстандық бөлігінің шектеріндегі Каспий және Арал теңіздері суының беті мен тереңдігін, қалыңдығын, сондай-ақ түбін білдіреді.

1.7. Мұнай - шикі мұнайды, отындық мұнайды, мұнай тұнбасын, мұнайдың қалдықтары мен тазартылған мұнай өнімдерін қоса алғанда кез-келген түрдегі м ұ н а й д ы б і л д і р е д і .

1.8. Мұнай операциялары - Мұнайды барлау, өндіру, жерасты қоймалары мен мұнай резервуарларының құрылысын, салу мен пайдалану, құрлықта, өзендердің, көлдердің және өзге де ішкі су айдындарының шегінде жүргізілетін Мұнайгаз құбырларының құрылысын салу және пайдалану жөніндегі жұмыстарды, сондай-ақ Теңізде жүргізілетін Мұнай операцияларын білдіреді.

1.9. Жедел пункт - Жұмыстардың басшысы оқиға болған жерде ден қою жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде байланыс пен басшылықты жүзеге асыру үшін белгілеген орын.

1.10. Ерекше экологиялық сезімтал аудан - Белгілі бір кезеңдерде жануарлар әлемі (құстардың ұшатын немесе ұя салатын, теңіз сүт қоректілерінің жататын, жас балықтар жетілетін және ойнайтын) мен өсімдік қауымдастықтары объектілері шоғырланатын аудан.

1.11. Жауапты тарап - мұнайдың төгілуіне немесе ағызылуына жол берген кез-келген жеке немесе заңды тұлға.

1.12. Мердігер - Құзыретті органмен (уәкілетті мемлекеттік орган) Мұнай операцияларын жүргізуге Келісім-шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға.

1.13. Жағалаулық аймақ - географиялық жағынан теңіздің немесе су айдынының тербеліс деңгейі аймағында орналасқан және/немесе дренаждық сулар немесе жер беті ағын сулары теңізбен немесе ішкі су айдынымен қосылатын және мұнай-газ кәсіпшілігі объектілерінен ластайтын заттар теңізге немесе ішкі су айдынына түсуі мүмкін деп ойлауға негіз бар аймақ.

1.14. Бірінші деңгейдегі төгілу - сырттан көмек тартпастан белгіленген тәртіппен келісілген, компания қабылдаған төгілулерді жоюдың тиісті жоспарларының шеңберінде жұмыстарды жүргізу орнындағы жабдықтарды пайдалана отырып, компанияның жергілікті қызметкерлерінің күшімен жойылуы мүмкін жергілікті маңыздағы шағын төгілу.

1.15. Екінші деңгейдегі төгілу - бірінші деңгейдегі ресурстарды пайдалана отырып жоюға болмайтын және ол жауапты тараптың, ал қажет жағдайда осындай компаниялардың/ұйымдардың арасында жасалған көп жақты келісімдерге сәйкес басқа да компаниялардың алдын ала дайындалған жағадағы базаларының қосымша ресурстары мен қызметкерлерін тартуды қажет ететін неғұрлым ірі төгілу.

Ерекше күрделі жағдайларда (экологиялық сезімтал аймақтарға, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге байланысты жағалаулық объектілерге қауіп төнгенде) Комиссияның арнайы нұсқауымен Ұлттық жоспар қолданылуға енгізіледі. Қазақстан Республикасының арнайы уәкілеттендірілген органдарының, жергілікті атқарушы органдардың билігіндегі материалдық-техникалық және адам ресурстары іске қосылады.

1.16. Үшінші деңгейдегі төгілу - бұл жою үшін орталық атқарушы органдардың және арнайы келісімдерге сәйкес халықаралық мамандандырылған компаниялардың қызметкерлері көмегі мен ресурстары талап етілетін ірі, бірден-бір немесе созылмалы төгілулер. Төгілуді үшінші деңгейге жатқызу, бір мезгілде, Ұлттық жоспарды қолдануға енгізуді білдіреді.

1.17. Оқиға болған жердегі жұмыстардың басшысы - Ден қою шараларын үйлестіруші осы жоспарға сәйкес басшылықты Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асыратын төгілулерді оқшаулау мен жоюды жүзеге асыру үшін алдын ала дайындалған мамандардың резервінің құрамынан тағайындаған тұлға. Оқиға болған жердегі жұмыстардың басшысы Жағалаулық аймақта ден қою шараларын үйлестірушіге жәрдем көрсетеді.

1.18. Құрылыс - мұнай мен газды іздеу, барлау мен игеру кезінде тікелей пайдаланылатын барлық тұғырнамалар (тұрақты және жылжымалы), бұрғылау қондырғылары, скважиналар, өндіру қондырғылары, мұнай-газ құбырлары, жасанды аралдар, арналар, бөгеттер, үйлер, жолдар, сондай-ақ теңіз құрылысынан өнімді тасымалдау үшін пайдаланылатын кез-келген құрылыс немесе мұнай операцияларының әртүрлі кезеңдерінде пайдаланылып, егер оған

жапсырылып бекітілсе, құрылыстың бөлігі саналатын мұнай негізіндегі химиялық заттарды тасымалдайтын қосымша кеме.

2. Ұлттық жоспардың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Ұлттық жоспар мұнайдың төгілулерінің қоршаған ортаға, адамның денсаулығына және оның өмір сүру жағдайларына, атап айтқанда, қоса беріліп отырған экологиялық сезімталдықтың картасына сәйкес балық қорларына, жылдам әсер ететін табиғи орталы аудандардың, жағалаудағы аудандардың өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне, су тұщыландыру қондырғыларына арналған су қорғаны орындарына әсерін барынша кемітуді мақсат тұтады.

2.2. Ұлттық жоспардың міндеті:

қажетті ұйымдастыру құрылымын құру, мұнайдың төгілуіне дайындықты қамтамасыз ету және оған ден қою жөніндегі шараларды жүзеге асырудың т ә р т і б і н а й қ ы н д а у ;

мұнайдың теңізге және ішкі су айдындарына келіп түсуіне және қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соқтыруы мүмкін төтенше жағдайлар пайда болған жағдайда, ден қоюдың дайындық шараларын жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді б е л г і л е у ж ә н е к е л і с у ;

Қазақстан Республикасының шегінде мердігер компаниялардың, Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресурстарын, сондай-ақ Каспий жағалауындағы және өзге мемлекеттермен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен келісім-шарттардың (келісімдердің) негізінде тартылатын ресурстарды қоса алғанда, мұнайдың төгілуіне ден қою шараларын қолдану жөніндегі жабдықтарды орналастыру және дайындау жүйесін қалыптастыру болып табылады.

3. Жалпы ережелер

3.1. Осы Ұлттық жоспардың талаптары Каспий және Арал теңізінің қазақстандық секторында, Қазақстан Республикасының ішкі су айдындары мен су ағыстарында мұнайды бұрғылау, өндіру, уақытша сақтау және тасымалдау үшін арналған және/немесе пайдаланылатын құрылыстар мен кемелерді пайдалануды, консервациялауды және жоюды жүзеге асыратын барлық ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық және жергілікті атқарушы органдары үшін міндетті күші бар.

3.2. Келісім-шарттық аумақтарда мұнай операцияларын жүзеге асырушы мердігерлер, Каспий және Арал теңізінің қазақстандық секторында, Қазақстан Республикасының ішкі су қоймаларында және олардың жағалаулық аудандарында жұмыс істейтін кемелер мен мұнай құбырларының, өзге көлік құралдарының иелері жұмыс істеушілердің өмірін және олардың денсаулығының

қорғалуы үшін, төгілу жағдайлары туралы орталық және жергілікті атқарушы органдарды құлақтандыру, мұнайдың төгілулерін уақытылы тазарту, олардың алдын алу және жою шараларын қолдану, және қоршаған орта мен халыққа келтірілген зиянның өтелуі үшін жауапты.

3.3. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары белгіленген тәртіппен және осы Ұлттық жоспарға сәйкес Мердігердің, кемелердің және мұнай құбырлары иелерінің олардың қолданылып жүрген талаптарды және тиісті құрылыстар мен кемелерді жобалау, салу, пайдалану, консервациялау және жою кезінде мұнайдың төгілулерінің алдын алу жөніндегі келісілген іс-шаралардың орындалуын, сондай-ақ оларды тіркеу немесе пайдалануға беру жөніндегі қажетті рәсімдердің орындалуын тиісті бақылауды ұйымдастыру үшін жауапты.

3.4. Осы Ұлттық жоспар орталық және жергілікті атқарушы органдарды өз өкілеттіктерінің шеңберіндегі олардың күнделікті жедел ынтымақтастықтан және қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігінен босатпайды.

3.5. Теңіз құрылыстарында, жағалаулық аймақтарда немесе кемежайларда мұнайды немесе басқа да қауіпті заттар заңсыз ағызылған кезде авариялық ағызулар кезіндегідей ден қою шаралары қолданылады. Бұл ретте кінәлі тарап, төгілуді жою жөніндегі шараларды қамтамасыз етуге қосымша, заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты.

4. Дайындық іс-шаралары

4.1. Барлық мүдделі тараптардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуші ұйымдастыру құрылымын құру

4.1.1. Мұнайдың төгілулеріне ден қоюды ұйымдастыру төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюдың мемлекеттік жүйесіне (ТЖМЖ) аумақтық-салалық кіші жүйе болып кіреді.

4.1.2. Осы Ұлттық жоспардың шеңберінде мұнайдың төгілулеріне ден қою жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру мен іс-қимылдарды басқару тұрақты жұмыс істейтін Төгілулерге ден қою жөніндегі ұлттық комиссияға (бұдан әрі - Комиссия) жүктеледі, оның құрамына:

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрілігі;

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрілігі;
Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрілігі;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрілігі;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі;

Облыстардың әкімдері кіреді.

Олардың уәкілеттігі мұнайдың төгілулеріне ден қоюға қатысуы белгіленген тәртіппен көзделген өзге орталық атқарушы органдар Комиссияға, төгілулерге дайындықты жоспарлау процесінде немесе мұнайдың төгілулеріне ден қою жөніндегі нақты іс-қимылдарға, қажеттілігіне қарай осы органдардың қатысуын қамтамасыз ету үшін жауапты қызметкерлердің тізімін (лауазымы бойынша) б е р е д і .

4.1.3. Комиссияның республикалық деңгейдегі тұрақты қызметі Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Төрағасының төрағалығымен жүзеге асырылады .

4.1.4. Әсері шекара аралық тұрғыда қауіптілігі ықтимал немесе ерекше экологиялық сезімтал аудандарға немесе адамдардың тұру жағдайлары үшін өмірлік маңызы бар объектілерге қауіп төндіретін төгілулер жағдайында Комиссияны Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарының бірі басқарады .

4.1.5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ұсынысы бойынша Комиссия құрамын жыл сайын қарап жаңартады .

4.1.6. Мемлекеттік ұйымдар мұнайдың төгілулерінің туындау көзін ескере отырып, Комиссиямен келісім бойынша жауапты тұлғалардың қатарынан Ден қою шараларын үйлестірушілерді тағайындайды.

Ден қою шараларын үйлестірушілер мемлекеттік ұйымдар атынан алдын ала дайындықты және ден қою шараларын іске асыру жөніндегі іс-тәжірибелік қызметті мынадай позициялар:

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі - кемелермен авариялар болғанда мұнайдың төгілулері бойынша;

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі - мұнай операцияларын жүргізу кезінде болған мұнайдың төгілулері бойынша;

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі - консервацияланған ескі мұнай скважиналарынан пайда болған мұнайдың төгілулері бойынша;

Облыстардың әкімдері Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің қатысуымен - жағалаулық аймақтардағы төгілулердің зардаптарын жою бойынша;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі - жауапты тарап анықталмаған төгілулер бойынша қамтамасыз етеді.

4.1.7. Ден қою шараларын үйлестірушілер төгілудің сипатына және оның

пайда болған ауданына қарай төгілулерді жоюға дайындықты және оларды жоюды қамтамасыз ету мәселелерін жедел шешу үшін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесіп Командалық орталықтар құрады. Командалық орталықтардың орналасқан орындары алдын ала келісіледі және Ұлттық жоспар бекітілгеннен кейін екі ай ішінде Комиссия мүшелеріне х а б а р л а н а д ы .

4.1.8. Кеме және мұнай компанияларының өкілдері төгілулерді оқшаулау және жою жөніндегі шаралардың стратегиясын әзірлеуге тікелей тартылған консультанттар ретінде Комиссиямен ынтымақтастық жасайды, сондай-ақ жағалаулық және жағадағы аймақтардағы мұнайдың төгілулеріне ден қою және оларды жою техникасына қатысты техникалық және экологиялық білікті консультацияларды ұсынады. Олардың іс-қимылдарын оңтайландыру мақсатында ерікті негізде теңізде немесе ішкі су айдындарында жұмыс істейтін компаниялар қауымдастығын құру көзделеді.

4.2. Төгілулердің алдын алу және оған дайындықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар

4.2.1. Ұлттық жоспарды іске асыруға қатысушы барлық тараптар мұнайдың төгілулерінің алдын алу және оған дайындықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті.

4.2.2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі :

Ұлттық жоспар бекітілгеннен кейін алты айдың ішінде Каспий теңізі мен оның жағалаулық аймағында өз қызметін жүзеге асырушы мұнай және труба құбырлары, кеме компаниялары өкілдерімен келіссөздер жасасып, оларды аяқтайды және мұнайдың төгілулеріне ден қою жөнінде өзара іс-қимыл жасау және жабдық, қызметкерлер мен басқа да ресурстар нысанында жәрдем алу, сондай-ақ осындай жәрдемге байланысты қаржыландыру, міндеттемелер мен өтемақыларға қатысты өзара қолайлы келіссөздер жасасуға барлық күш-жігерін с а л а д ы ;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесе отырып төтенше жағдайларда пайдалануға арналған, мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілулеріне ден қою шараларын жүзеге асыруға арналған мемлекеттік материалдық резервтер мен қаржы резервін пайдалану тәртібін айқындайды;

Ұлттық жоспар бекітілгеннен кейін бір жыл ішінде Каспий теңізінің қазақстандық секторында суға батырылған консервацияланған және жойылған скважиналарды орналастыру және олардың жай-күйінің схемасын дайындайды.

4.2.3. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Қазақстан

Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесе отырып осы Ұлттық жоспар бекітілгеннен кейін алты ай ішінде Қазақстан Республикасының ұйымдары мен ведомстволарында бар және сырттан тартылуы мүмкін жабдықтардың, материалдардың және ден қоюға оқытылған қызметкерлердің тізбелерін дайындайды.

4.2.4. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігімен келісім бойынша, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып су аясы мен жағалаулық аймақта төгілулердің зардаптарын азайтумен байланысты ден қою мәністерін алдын ала әзірлейді, ол үшін:

денсаулық сақтау органдарымен келісім бойынша (теңізінде және Қазақстан Республикасының ішкі су қоймаларының акваторияларында мұнай операцияларын жобалау және жүргізу кезінде экологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтау жөніндегі нұсқаулықтың 5.2. бөліміне сәйкес) мұнайдың түрін, су айдыны сипаты мен биотаның ерекшеліктерін, сондай-ақ оларды қолдануға жол берілетін жағдайларды ескеріп Қазақстан Республикасында мұнайдың төгілуі жағдайында қолданылуы мүмкін диспергияланатын және жуатын заттардың тізбесін әзірлеп бекітеді;

мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілулері жағдайларын уақтылы анықтау мақсатында мұнай операциялары жүргізілетін немесе олар бойынша мұнай тасымалдау жүзеге асырылатын акваториялардың жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізеді;

аса жоғары экологиялық осалдықпен сипатталатын учаскелерге қатысты өсімдіктер және жануарлар дүниесі үшін ластаудың созылмалы зардаптарын айқындауға бағытталған мониторинг бағдарламасын әзірлейді;

мұнайдың төгілулерін жою кезінде жиналған және ласталған топырақты уақытша жинау, залалсыздандыру және көмуге арналған объектілер орналасатын жерлерді мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып әзірлейді, келіседі және жергілікті өкімет органдарының бекітуіне ұсынады;

жиналған мұнайды 2000 жылдың ішінде түпкілікті орналастырудың рұқсат етілген әдістерін (жою, қайта өңдеу) айқындайды және тиісті нормативтік-әдістемелік құжаттаманы дайындайды;

мұнайдың төгілулерінің, биотаға оның ішінде балықтардың көшуі мен балық аулауға, сондай-ақ аса жоғары экологиялық ерекше сезімтал аудандардың өсімдіктер және жануарлар дүниесіне әсер етуін бағалаудың әдістерін әзірлейді;

қорғау және зардаптарды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде басымды болып табылатын жағалаулық учаскелерді айқындауды қамтамасыз етеді ;

2000-2001 жылдар ішінде Қазақстанның Каспий жағалауы аймағында

гидрометеорологиялық желіні қалпына келтіру жөнінде шаралар қолданады (ол үшін бюджетті қалыптастыру, кезінде тиісті ұсыныстар енгізеді), мұнайдың төгілулеріне ден қою кезеңінде дұрыс болжауды қамтамасыз ету мақсатымен гидрометеорологиялық ақпаратпен жедел алмасу жөніндегі ведомстволық мемлекетаралық келісімдердің қорытындыларын дайындайды.

4.2.5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісім бойынша шетелден келетін авариялық жабдықтар және қажет жағдайда қызметкерлер мен көшіруге арналған ұшақтарды қабылдауды қолдауды қамтамасыз ету мақсатында :

тұрақ орындарының санын бағалауды жүргізеді және түсіру жұмыстары үшін жабдықтардың пайдаланылуын және төтенше жағдайларда төгілулерді жою жөніндегі жұмыстар үшін жабдықтар мен қызметкерлер түріндегі сыртқы қолдауды қабылдауға дайындықты қамтамасыз ету үшін ірі әуежайларда оларды автомобильдерге тиеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу мүмкіндігінің жоспарын дайындайды ;

жергілікті маңыздағы әуежайлар мен ұшу-қону жолдарын пайдалану мүмкіндігін айқындайды және тиеу шектеулерін көрсетіп олардың орналасу картасын әзірлейді ;

қажет жағдайда мұнайдың төгілуінің нәтижесінде пайда болған жағдайларда байланыс жасау үшін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі пайдаланатынға қосымша радиожиилік арналарын бөледі (резервтейді). Көрсетілген жоспарларды дайындау және бекіту Ұлттық жоспар бекітілгеннен кейін алты айлық мерзімде жүзеге асырылады, одан кейін олар Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне беріледі және Ұлттық жоспардың бөлігі болып табылады.

4.2.6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі (Кеден комитеті) Ұлттық жоспар бекітілгеннен кейін алты ай ішінде:

дүлей зілзалалардың, авариялар мен апаттардың зардаптарын жою үшін уақытша пайдалануға мемлекеттік органдар мен мекемелерге берілетін тауарлар мен жабдықтардың уақытша әкелінуін (әкетілуін) кеден төлемдері мен салықтардан босатылуын қамтамасыз етеді;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының нормативтік және құқықтық кесімдеріне тиісті өзгерістер енгізеді.

4.3. Мердігерлер мен кеме компанияларының мұнайдың төгілулерінің алдын алуды жоспарлауы

4.3.1. Мердігерлер мен кеме компаниялары (бұдан әрі - компаниялар) құрылыстың немесе кеме қызметкерлерінің мұнайдың төгілуінің жағдайында қолданатын ден қоюды жоспарлаудан, дайындық пен шаралардан тұратын қолданылып жүрген заңнаманың, нормативтік құқықтық кесімдердің және халықаралық кесімдердің талаптарына сәйкес Мұнайдың төгілуінің алдын алу және оның салдарын жою жөніндегі жоспарды әзірлеуге тиіс.

4.3.2. Мұнайдың төгілулерінің алдын алу және оның зардаптарын жою жөніндегі жоспарға:

мұнайдың төгілулері мүмкін жерлерде объектілердің орналасуы;
экологиялық сезімтал аудандардың тәптіштелген картасы мен әрбір түрі бойынша сезімталдықтың маусымдық шолуы;

төгілудің барлық мүмкін қаупін анықтау;
әртүрлі санаттағы төгілулерді жою жөніндегі жабдықтардың, көлік құралдарының, материалдардың, қызметкерлердің және жұмыс әдістемесінің тізімі, орналасқан орны мен түрлері;

пайдалануға болатын диспергаторлардың тізбесі;
әртүрлі санаттағы төгілулерді жою жөніндегі жұмыстарды бастауға және аяқтауға қажет уақыттың есебі;

қызметкерлерді оқытып, жаттықтыру және жабдық пен техниканың жай-күйін тексеру кестесі;

жауапты тұлғалардың тізімі, олардың мекен-жайлары, мемлекеттік органдарды құлақтандыру рәсімі кіреді.

4.3.3. Теңіз құрылыстары мен кемелер:

өзінің нысанасына жауап беруге, кемеңің корпусының тұтастығының, күштік және жүру машиналарының, басқару тетіктерінің, навигациялық жабдықтардың жай күйінің сенімділігі туралы растайтын сертификаттары болуға тиіс;

тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу кезінде мұнайдың төгілуін болдырмауға бондық қорғаулардың жеткілікті саны мен төгілген мұнайды кетіру үшін абсорбциялық материалдың қажетті көлемі болуға тиіс;

тиеу-түсіру жұмыстары кезінде қабылдау құрылғысы мен авариялық жағдайында мұнайды беріп тұратын қолдың тұтастығын бақылаушы және мұнайдың берілуін тоқтата алатын жауапты лауазымды тұлғаны қоюға міндетті;

теңізден өтуді жүзеге асырған кезде МППСС-72 (кемелердің соқтығысуын болдырмаудың халықаралық ережелері) талаптарын қатаң сақтауға;

мұнайдың төгілуі және басқа да авариялық жағдайларда "Авариялардың алдын алу және кемеңің тыныс-тірлігі үшін күресу жөніндегі нұсқаулықты" басшылыққа алуға тиіс.

4.3.4. 4.3.3-тармақта келтірілген талаптар кемеңің жалға немесе кіреге алуға келісім-шарт жасасқан кезде міндетті шарт болып табылуға тиіс. Келісім шартта

кемеде төгілулерді тоқтату және оларды жою жөніндегі іс-қимылдарға үйретілген, мейлінше қысқа мерзімде жабдықтарды ықтимал қатер мен олармен күресудің тәсілдерін айқындайтын авариялық жоспарды пайдалана алатын білікті команданың болуы көрсетілуге тиіс. Осындай жоспар оқу-жаттығу барысында тұрақты пысықталуы тиіс.

4.3.5. Компания, сондай-ақ:

қоршаған ортаға зиян келтірілгені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын (полис) және үшінші тұлғаға шығындарды жабу үшін сақтандырылған жағдайдың зардаптарын жоюға жеткілікті сомаға, ал сақтандырудың осы түрін жүзеге асыру үшін құқықтық негіз бар болғанда міндетті нысанда - міндетті сақтандыру туралы заңнамада белгіленген шарттармен жасалған сақтандыру шартын (полис) ұсынуға;

ірі төгілулерді жою үшін жабдықтардың халықаралық қоймасына қол жеткізу, сондай-ақ тиісті білікті қызметкерлердің көмегі мен материалдық-техникалық ресурстарды тарту кепілдігі болуға тиіс.

4.3.6. Компаниялардың мұнайдың төгілулерін жою жөніндегі жоспарларын Қазақстан Республикасының басқа да тиісті мемлекеттік органдарымен келісім бойынша уәкілетті орган бекітеді. Жоспарлардың көшірмелері жоғарыда аталған органдарда анықтама материал ретінде сақталады және төгілу жағдайында пайдаланылады.

4.4. Төгілулерге тиімді ден қоюды қамтамасыз ету үшін материалдық база жасау және оны пайдалануды регламенттеу

4.4.1. Ұлттық жоспар жүйесінде төгілулерге тиімді ден қоюды қамтамасыз ету үшін материалдық база компаниялар төгілулерге ден қою жөніндегі өздерінің жоспарларына сәйкес құрған объектілерден (жағалаулық құрылыстардан, көлік құралдарынан, жабдықтар мен материалдардан) және арнайы уәкілеттендірілген мемлекеттік органға тиесілі объектілерден тұрады.

4.4.2. Ұлттық жоспарды іске асырудың бірінші кезеңінде (2000 ж.) Комиссия мұнайдың төгілулерімен күресуге арналған қолда бар жабдықтарды, оның орналасқан жерін, 4.4.2-тармақта айтылған шарттарға сәйкес пайдалану тәртібін белгілейді.

4.4.3. Компаниялар Комиссияға жағалаулық базаларда орналасқан өзінің иелігіндегі екінші және үшінші деңгейдегі төгілулер үшін қажетті қосымша ресурстар мен қызметкерлердің тізбесін табыс етеді.

4.4.4. Ішкі су қоймаларында ден қоюға арналған жедел пункттер ұйымдастыру үшін жабдықпен (қоршау бондарын және сіңіргіш материалдарды қоса алғанда) және көлікпен облыс әкімдері қамтамасыз етеді. Қазақстан

Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің жәрдемімен олардың резерві 2000 жылдың ішінде толықтырылуы тиіс.

4.5. Персоналды дайындау және оқу жаттығуларын өткізу

Комиссия Үйлестірушілердің ұсынысы бойынша хабарлау, дабылмен хабарлауды, байланыс жүйесінің тиімді жұмысын, сондай-ақ қызметкерлердің нақты міндеттермен, сонымен бірге жұмылдыру және жабдықтарды пайдалану, арнайы материалдарды пайдалану, олардың болуын тексеру мен тиімді пайдалану тәртібімен таныс екеніне көз жеткізу үшін компаниялардың қатысуымен кезеңдік оқу-жаттығулар өткізу бағдарламасын қарап бекітеді. Тазарту жөніндегі операцияларды қамтамасыз ететін қызметкерлер үшін қосымша оқу-жаттығу бағдарламалары әзірленеді.

Бағдарлама компаниялардың оқу жаттығуларын жүргізу кестесін олардың материалдық базасын пайдалану мүмкіндігін ескере отырып дайындалады.

4.6. Төгілулерді айқындау жүйелері

4.6.1. Қазіргі заманғы талдау мен дистанциялық әдістерді қолдана отырып мұнайдың төгілулерін анықтау Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі жүзеге асыратын қоршаған ортаның мемлекеттік мониторингінің құрамына кіреді.

4.6.2. Мұнайдың төгілулері әртүрлі көздерден пайда болуы және әртүрлі жағдайлармен таратылуы мүмкін екендігін ескере отырып оларды анықтау үшін әртүрлі ұштастырулардағы әдістер кешені пайдалануы тиіс:

Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су қоймаларында қозғалысты жүзеге асырушы көлік және жүк (оның ішінде танкерлер) кемелерінің авариялары кезінде пайда болатын мұнайдың төгілулері жауапты тараптың тікелей хабарламалары негізінде не дистанциялық бақылаулар мен суретке түсірулердің (ұшақтан және жер серігінен) деректері бойынша анықталады;

Солтүстік Каспийде бұрғылау жұмыстарын жүргізу кезінде бақыланбайтын ашық атқылауы нәтижесінде мұнайдың төгілулері, әдетте, жауапты тараптың хабарлауының негізінде анықталады;

Қазақстан Республикасының ішкі су қоймалары мен су ағыстары арқылы теңіз түбінде төселген мұнай құбырларынан мұнайдың төгілуі, әдетте, труба құбырлары трассаларын пайдалану ревизиялары кезінде және тікелей көзбен көру мен дистанциялық әдістермен анықталуға тиіс;

Солтүстік Каспийдің шығыс жағалауында орналасқан консервацияланған ескі мұнай скважиналарында күшті тербеліс кезінде олардың төгілу ықтималдығы

күрт артатын төгілулерді өте таяз жерлердегі кемелерден тұрақты түрде көзбен көріп және тұрақты жүргізілетін мониторинг процесінде дистанциялық зондтау әдістерін қолдана отырып уақытылы анықталуы мүмкін;

кемежайларда және жүзбелі бұрғылау қондырғыларында тиеу және түсіру кезінде мұнайдың елеусіз төгілуі оқиға кезінде тікелей анықталуы және дереу ж о й ы л у ғ а т и і с .

4.6.3. Ағымдағы қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде барлық ұшақтардың пилоттары мен теңіз кемелерінің капитандары теңіздегі мұнай мен мұнай өнімдерінің байқалған кез-келген дақтары туралы бағыныстылық бойынша хабарлауға және осы деректер Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне одан әрі дереу хабарлануға тиіс.

4.6.4. Төгілудің қозғалысын, оның траекториясын және күштер мен құралдарды орналастыруды болжау мақсатымен бақылауды Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің ұшақтары мен кемелерін қоса барлық құралдарды пайдалана отырып жүзеге асыруға тиіс. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі байқауды жүзеге асыру жөніндегі іс-қимылдарды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен және басқа да мемлекеттік органдармен келіседі, қажет болған жағдайда, визуалдық бақылауды жүзеге асыру үшін мұнай компаниялары беретіндерін қоса алғанда жеке ұшақтар мен кемелер шарттық негізде пайдаланылуы мүмкін.

5. Мұнайдың төгілуіне тікелей ден қою тәртібі

5.1. Жалпы саясат

5.1.1. Теңізде және ішкі су қоймаларында пайда болатын мұнайдың ірі төгілулері жағдайында мынадай қағидаттар қолданылады:

5.1.2. Бірінші деңгейдегі, көптеген жағдайларда екінші деңгейдегі төгілулерге ден қою, әдетте, мемлекеттік органдардың араласуынсыз өтеді. Бұл ретте, мемлекеттік органдардың функциялары мониторингпен және егер олардың пікірінше, жауапты тарап жеткіліксіз немесе қате іс-қимылдар қолданса, бұдан да белсенді бақылауға көшу дайындығынан тұрады.

5.1.3. Комиссия үшінші деңгейдегі төгілу жағдайында мұнайдың төгілуіне ден қою шараларына мемлекеттік басқару және Ден қою жөніндегі ұлттық жоспардың қолданылуға енгізілуі туралы дереу хабарлайды.

5.1.4. Жергілікті күштер мен құралдарды пайдалану қажетті қарсы шараларды жүзеге асыру үшін мүмкіндіктер шектеулі болса, мұнай және кеме

компанияларының мұнайдың төгілулеріне ден қою саласында өзара іс-қимылдар жасауын көздейтін келісімдер, сондай-ақ осы жоспардың 4.2.2-тармағына сәйкес мемлекет пен мұнай саласының өкілдері арасындағы келісімдер күшіне енеді.

5.1.5. Мұнайдың төгілуі Қазақстан аумағында шаруашылық қызметке тартылмаған танкерден пайда болған жағдайда немесе Қазақстанның аумағындағы мұнай операцияларына қатысы жоқ өзге төгілулер жағдайында (үшінші тарап), Ден қоюды үйлестіруші Комиссияның атынан Қазақстанның аумағында жұмыс істейтін мұнай компанияларының өкілдеріне жабдықтар мен консультациялар түрінде жәрдем сұрап, өтініш жасауы мүмкін.

5.1.6. Мұнай компанияларының төгілулерге ден қою кезінде жәрдем көрсету жөніндегі шығыстары мемлекет пен компаниялар арасындағы оқиға сәтіне күші бар келісімдерге сәйкес өтелетін болады.

5.1.7. Мұнайдың төгілулеріне ден қою кезінде теңіз және әуе кемелерін және басқа, оның ішінде жер бетіндегі жабдықтарды, әдетте, басқа мақсаттарда қолданылатын жабдықтарды (әртүрлі мақсаттардағы өзі айдайтын автоцистерналарды, цемент және бетон тасығыштарды, темір жол және әмбебап саңылаусыз контейнерлерді және т.б.) алуға және пайдалануға жол беріледі.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің теңіз, әуе кемелері және жабдықтары келісім бойынша пайдаланылуы мүмкін.

5.1.8. Ден қою және тазарту шараларын жүзеге асырған кезде қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан қарағанда, неғұрлым тиімді нәтижелерге қол жеткізу мен осыған қажетті шығындар арасындағы теңгерім ескерілуге тиіс.

5.2. Құлақтандыру тәртібі және төгілу деңгейін айқындау

5.2.1. Жауапты тарап, жол берілген 100 литрден асатын мұнай төгілуінің кезінде төгілудің барлық жағдайлары туралы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің облыстық басқармаларына, оқиғадан кейін бір сағаттың ішінде факспен, рация (телефон) бойынша хабарлайды, ол үшін оқиғалар туралы хабарламалардың дайын нысаны (1-қосымша) пайдаланылады. Тәулік бойы жұмыс істейтін кезекші-диспетчерлік қызметтің байланыс телефоны мұнайдың төгілуін жою жөніндегі тиісті жоспарларда көрсетілуге тиіс.

5.2.2. Мұнай құятын танкердегі авариямен байланысты мұнайдың төгілуі кезінде кемнің иесі (капитан) оқиға туралы Ақтау кемежайына дереу хабарлайды. Кемежай өкімет орындары Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Ақтау қаласындағы және Атырау қаласындағы облыстық басқармаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне кідіріссіз хабарлауға тиіс.

5.2.3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі басқармаларының кезекші-диспетчерлік қызметтері Ден қою шараларын үйлестірушіні дереу хабардар етеді. Аймақтық өкімет органдарының және мемлекеттік ұйымдарының барлығына хабарлау Ден қою шараларын үйлестірушінің міндеті болып табылады. Ден қою шараларын үйлестіруші Комиссия мүшелерін және Жағалау аймағының үйлестірушісін уақтылы х а б а р д а р е т е д і .

5.2.4. Ден қою шараларын үйлестіруші төгілуге қатысты жауапты тарап қолданатын іс-қимылдардың мониторингін жүзеге асырады және араласу үшін тұрақты дайындықта болады. Жауапты тарап белгіленген тәртіппен табыс ететін деректердің негізінде, Ден қою шараларын үйлестіруші Комиссия мүшелерінің пікірлерін ескере отырып төгілу деңгейін және Іс-қимылдың ұлттық жоспарын күшіне енгізу қажеттігін алдын ала айқындайды.

5.2.5. Ден қою шараларын үйлестіруші қолда бар ақпараттың негізінде: мұнайдың төгілуін растайды және оның дәрежесін және экологиялық сезімтал аудандар үшін қауіпін бағалайды;

мүмкіндігінше жауапты тарапты және жауапты тараптың ресурстарын а й қ ы н д а й д ы ;

төгілуді оқшаулау мен жою кезінде туындауы мүмкін қиындықтарды б а ғ а л а й д ы .

5.2.6. Мұнайдың екінші және үшінші деңгейдегі барлық төгілулері кезінде Ден қою шараларын үйлестіруші жауапты тараптың іс-қимылдары және төгілу жағдайы туралы ақпаратты талап етуге құқылы. Екінші деңгейдегі төгілулер үшін осы тәртіп нақты жағдайға қарай қолданылады және экологиялық сезімтал аудандармен немесе олардан тікелей жақындықта орналасқан төгілулермен ш е к т е л е д і .

5.2.7. Егер алдын ала бағалау, төгілудің үшінші деңгейге жатпайтынын немесе экологиялық сезімтал аудандарға қауіп төндірмейтінін көрсетсе, Ден қою шараларын үйлестіруші жауапты тараптың төгілуге ден қою жөніндегі іс-қимылының мониторингін ғана жүзеге асырады.

5.2.8. Комиссия араласу туралы шешім қабылдаған жағдайда Ден қою шараларын үйлестіруші осы іс-қимыл туралы жауапты тарапты хабардар етеді, сондай-ақ қолданылатын ден қою шараларына жұмсалатын шығыстарға байланысты туындайтын ықтимал қаржы міндеттемелері туралы хабарлайды. Бұл ретте Ден қою шараларын үйлестіруші мыналарды назарға алады:

жауапты тарап ден қою шараларын жүргізген кезде қолданылатын р е с у р с т а р д ы ;

жауапты тараптың іс-қимылдарының қолданылып жүрген заңнамаға және Мұнайдың төгілуін жою жоспарына сәйкестігін;

т ө г і л у д і ң м ө л ш е р і н ;
т ө г і л у д і ң с и п а т ы н ;

адамдардың денсаулығына және қоршаған ортаға төгілу салдарынан туындаған қауіптің дәрежесін.

5.3. Төгілулерді жою жөніндегі іс-қимылдардың тәртібі

5.3.1. Ден қою шараларын үйлестірушіден алатын ақпаратқа сәйкес Комиссияны Төраға Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарының төгілуді жою жөніндегі іс-шараларға қатысуы туралы шешім қабылдау үшін шақырады. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелері болып табылмайтын, алайда ден қою жөніндегі іс-шараларға қатысушы ұйымдардың өкілдеріне хабарлау және олардың келуі туралы мәселені шешеді.

Төрағадан Комиссияны шақыру туралы хабарламаны алғаннан кейін оның мүшелері алдын ала белгіленген орынға - Командалық орталыққа келулері тиіс.

5.3.2. Егер Комиссия Ден қою шараларын үйлестірушінің ұсыныстарымен келіссе, онда Үйлестіруші қауіпті құлақтандырудың телефон жүйесі бойынша командалық орталықтың дайындық жағдайына келтіру және орталықтың штаттық персоналын кезекшілік жасау үшін жұмыс орнына келу қажеттігі туралы х а б а р л а й д ы .

5.3.3. Төгілуге ден қою жөніндегі жедел қызметті Ден қою шараларын үйлестіруші резервтік тізімде белгіленген білікті мамандардың қатарынан тағайындалатын Оқиға орнындағы жұмыстар басшысы жүзеге асырады.

5.3.4. Оқиға болған жердегі жұмыстардың басшысы меншік нысанына қарамастан ден қою шараларын жүзеге асырушы барлық тараптардың, оқиға орнында жұмыстардың ұйымдастырылуы мен жүргізілуі үшін жауап береді. Өз міндеттерін орындауда Оқиға орнындағы жұмыс басшысы Ұлттық жоспардың жалпы қағидаттарына бағдар алады. Оқиға орнындағы жұмыс басшысының оған Комиссия берген өкілеттіктерге сәйкес қоятын талаптары міндетті болып т а б ы л а д ы .

5.3.5. Оқиға орнындағы жұмыс басшысы төгілу адамдардың денсаулығына және қоршаған ортаға келтіретін зиянды болдырмау, азайту немесе кеміту үшін дереу шаралар қабылдауға бастама жасайды.

5.3.6. Ден қою шараларына бұдан басқа мыналар кіреді:
төгілудің сипатын, көзін және таралуын айқындау мақсатында сынамалар алу мен о л а р д ы т а л д а у ;
төгілу көзін бақылау және жою, төгілудің таралуына бақылау;
физикалық және механикалық қоршауларды пайдалану жолымен төгілудің алдын а л у н е м е с е о қ ш а у л а у ;

о р н ы н д а ө р т е у ;

диспергаторларды және басқа да химиялық заттарды пайдалану.

5.3.7. Ден қою шараларын, оның ішінде әдетте қолданылатын химиялық және химиялық процестермен мұнайды жинау немесе жою әдістерін таңдаған кезде Оқиға орнындағы жұмыс басшысы адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаны барынша қорғауға бағдарланған әдістерге артықшылық береді.

5.3.8. Мұнайды орнында өртеу туралы шешім Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің облыстық бөлімшелерімен алдын ала келісілген оқиға орнына және жолай мән-жайларға қарай жағдайдың ерекшелігін ескеретін жоспарға сәйкес қабылданады.

5.3.9. Жауапты тараптың диспергаторларды пайдалануы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5.3.10. Көрші мемлекеттердің суларында диспергаторларды пайдалану мемлекетаралық келісімдермен реттеледі немесе көрші мемлекеттердің оларды пайдалануға арнайы рұқсатының негізінде жүзеге асырылады.

5.4. Экологиялық ерекше сезімтал аудандарды қорғау

Экологиялық ерекше сезімтал аудандарды қорғау теңізде мұнайды тоқтату мен жинау жөніндегі іс-қимылдардың басымды бағыты болып табылады. Мұнайды тоқтату мен жинау жөніндегі жабдықты пайдалану мүмкіндігі мұнайдағы Каспий теңізінің Солтүстік және Шығыс секторларының таяз жерлері мен қамыс тоғайларға жеткен жағдайларға шектелетінін ескере отырып, күш-жігерді бірінші кезекте осы бағыттарда шоғырландыру қажет.

5.5. Жедел байланыс

5.5.1. Мұнайдың немесе мұнай өнімдерінің төгілуі жағдайында Командалық орталық байланысты үйлестіру орталығы болып табылады. Төгілу орнынан барлық ақпарат Командалық орталыққа келіп түседі. Төгілу жағалаулық аймаққа немесе экологиялық сезімтал ауданға жеткен жағдайда құрлықта ақпарат беру үшін дала торабы ұйымдастырылады. Командалық орталыққа берілетін ақпараттың дұрыстығы үшін Оқиға болған жердегі жұмыстардың басшысы жауап береді.

5.5.2. Байланысты ұйымдастыру жөніндегі тәптіштелген нұсқауларды Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен келісім бойынша әзірлейді және оқтын-оқтын жаңартып отырады.

5.5.3. Жауапты тараптың барлық командалық орталықтары, жедел пункттері

мен ден қоюды басқару орталықтары жер серігі байланысымен қамтамасыз етілуге тиіс.

5.6. Ден қою жөніндегі іс-шараларға тартылатын Комиссия мен ведомстволардың іс-қимылдары

5.6.1. Ден қою шараларын үйлестіруші мен Оқиға болған жердегі жұмыстардың басшысы Комиссиямен тұрақты консультациялар жүргізеді, Комиссияға мұнайдың төгілуінің салдарынан туындайтын адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға қатердің кез-келген артуы туралы мәлімдей отырып, қолданылатын ден қою шараларының мәртебесі туралы хабардар етеді.

5.6.2. Мұнайдың төгілуіне ден қою шараларын қолдану барысында Комиссия:

төгілулерді және олардың зардаптарын жою жөніндегі шараларды ұйымдастырады;

ден қою шараларының мониторингін;

шараларды қолдану стратегиясы жөніндегі ұсынымдар әзірлеуді және Оқиға болған жердегі жұмыстардың басшысына жұмыстарды жүзеге асыру барысында техникалық консультация беруді;

Оқиға болған жердегі жұмыстардың басшысына бағалау мен қорғау үшін басымды аймақтарды бөлуде көмек көрсетуді;

қажетті арнайы жабдық пен қызмет көрсетулердің орналасқан жерін айқындау және оларды алуға жәрдемдесуді;

егер қажет болса, қолда бар жабдықты, қызметкерлерді және мамандарды орналастыруды және қайта бөлуді;

мемлекетаралық мәселелер мен дауларды, оның ішінде мұнайдың шекарааралық төгілулері жағдайында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен қажетті байланыстарды;

Комиссияға мүше елдердің және төгілуге ден қоюға тартылған олардың ведомстволық бағынысындағы ұйымдардың Оқиға болған жердегі жұмыстардың басшысының талаптарын орындауға жәрдем көрсету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

мемлекеттік органдар арасында туындайтын дауларды шешуді жүзеге асырады.

5.6.3. Өз қызметінде Комиссия мына құжаттарды басшылыққа алады: экологиялық сезімталдық картасын (карталарын) (2 және 3-қосымшалар); кеме иелері-компаниялар мен мұнай компанияларының иелігінде бар Қазақстандағы, Каспий жағалауындағы мемлекеттердегі, оның ішінде төгілулермен күресу жөніндегі халықаралық ұйымдар арқылы қол жеткізілетін,

сондай-ақ Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің және басқа да ведомстволардың иелігіндегі ресурстардың және қолдау көрсету күштерінің тізбелерін (4.2.1-тармаққа сәйкес әзірленген).

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мұнайдың төгілуіне ден қоюдың мемлекеттік те жеке меншіктегі де күштері мен құралдарын (мысалы, жеке меншік ұшақтар, кемелер немесе мамандандырылған мердігерлердің кемелері мен қызмет көрсетулері) орналастыру үшін қажет қаржылық қолдауды қоса алғанда, төтенше жағдайларды жоюға арналған Қазақстан Республикасының резервтік қорының қаражаты есебінен мұнайдың төгілулерін жою жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруды ашады.

5.6.4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

мұнайдың төгілуіне ден қою шараларын қолдану үшін қажетті көлікпен және байланыспен қамтамасыз етумен байланысты барлық іс-қимылдарды үйлестіреді. Министрлік төгілулерге мемлекеттік ден қоюдың шараларын жүзеге асыру кезеңіне жеке меншіктегі көлік құралдарын белгіленген тәртіппен тартады;

мұнайдың төгілуін жою үшін қажетті қызметкерлер мен жабдықты, сондай-ақ материалдар мен техникалық ресурстарды тасымалдауды, көшіру жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді;

кемежай әкімшіліктері арқылы теңіз жолымен келетін персонал мен төгілуді жою жөніндегі жұмыстарға арналған жабдықтар түріндегі сыртқы күштерді қабылдауға дайындықты қамтамасыз етеді.

5.6.5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі (Кеден комитеті) алдын ала дайындалған тәртіпке сәйкес (осы жоспардың 4.2.4-тармағы) Қазақстан Республикасына жеткізілген қажетті жабдықтар мен материалдардың кедендік жедел ресімделуін қамтамасыз етеді.

5.6.6. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі:

төгілуді жою жөніндегі іс-шараларды жүргізген кезде гидрометеорологиялық жағдайларды болжауды (мұнайдағы қозғалысының траекториясын айқындау, жабдықты дұрыс орналастыру және т.б.) және Командалық орталықтың қарамағына ауа райын болжаушыны бөледі;

төгілу туындаған сәттен бастап оның зардаптарын толық жойғанға дейін табиғи орта компоненттерінің мониторингін (қаржыландыру және жауапты тараптың материалдық базасын тарту есебінен) жүзеге асырады;

орын алған төгілудің қоршаған ортаға және ден қою процесінде жүзеге асырылған шаралардың әсерін бағалауды жүзеге асырады.

5.6.7. Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі

жекелеген компаниялардың мұнайдың төгілуін жою жоспарларына және мұнайдың төгілу жағдайында жәрдем көрсету туралы келісімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасына келетін шетелдік персоналына жұмыс істеуге лицензиялар мен рұқсаттар берудің жеделдетілген рәсімін қамтамасыз етеді.

5.6.8. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің сұратуы бойынша төгілуді жою үшін келетін шетелдік персоналы мен жүктерді Қазақстан Республикасының аумағына өткізудің жеделдетілген рәсімін қамтамасыз етеді.

5.6.9. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

Бірыңғай авиациялық іздестіру-құтқару қызметінің жұмысын қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен келісім бойынша төгілулерге ден қою жөніндегі жабдықтар мен персонал бар ұшақтарға қауіпсіз коридоры қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда, Ден қою шараларын үйлестірушінің өтініші бойынша Оқиға болған жердегі жұмыстардың басшысына байқауды жүзеге асыру үшін ұшақтар мен кемелер береді.

Ден қою шараларын үйлестірушінің және жергілікті өкімет органдарының өтініші бойынша қажет болса, Оқиға болған жердегі жұмыстардың басшысының иелігіне ден қою шараларын жүзеге асыруға қатысу үшін Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің бөлімдері мен бөлімшелерін береді.

5.6.10. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі (оның жергілікті органдары) Ден қою шараларын үйлестірушінің сұратуы бойынша оқиғаның нәтижесінде және оны зардаптарын жою кезінде зардап шеккен қызметкерлерге жәрдем көрсету үшін үшінші деңгейдегі төгілулерде ден қоюдың барлық уақытына жедел медициналық жәрдем қызметінің қатысуын қамтамасыз етеді және оның зардаптарын жою барысында санитариялық-гигиеналық іс-шаралар жүргізілуін ұйымдастырады.

6. Төгілулердің зардаптарын жою

6.1. Іс-қимылдардың жалпы тәртібі

6.1.1. Егер мұнайдың төгілуі жағаға жеткен жағдайда жағалаулық аймақтың ластануын жою жөніндегі қызметке тікелей басшылық етуді Жағалаулық аймақта ден қою шараларын үйлестіруші жүзеге асырады.

6.1.2. Жағалаулық аймақты тазарту жөніндегі операциялардың еңбекті көп қажет ететіні мен ұзақтығын ескере отырып жергілікті өкімет органдарының иелігіндегі барлық ресурстарын барынша көп пайдалану, мемлекеттік резервтерден қосымша күштер мен құралдарды тарту, халықтың өз еркімен кең қ а т ы с у ы к ө з д е л е д і .

Жергілікті атқарушы органдары тұрғын үй мен көлік құралдарын беру жөнінде жәрдем көрсетеді.

6.1.3. Жағалаулық аймақтағы ден қою шараларын үйлестіруші бірінші кезекте тазарту мен қалпына келтірілуі тиіс жағалаулық аудандарды айқындайды. Итбалықтар аралдары мен қамыс тоғайлары сияқты тірі организмдер тіршілік ететін неғұрлым сезімтал жерлер бірінші кезектегі объектілер болып табылады. Төгілудің зардаптарын бағалауды аяқтағаннан кейін Жағалаулық аймақтағы ден қою шараларын үйлестіруші жағаны тазарту және табиғи ортаны қалпына келтіру жөніндегі жұмыстардың әдістері мен көлемдері туралы шешім қабылдайды.

6.1.4. Жағада ден қою әдістеріне, бұдан басқа механикалық тазарту және/немесе қол еңбегін пайдалану, биокоррекция және табиғи ыдырауы кіреді.

6.1.5. Қалпына келтіру жұмыстарына:
жаға сызығын мұнайдан және мұнай өнімдерінен тазартудан;
қайталама ластауды болдырмау мақсатында мұнай қоқысын тазарту;
пристандардың, пирстардың, причалдардың құрылғыларын тазарту;
кеме корпустары мен жүк, балық аулайтын және серуен кемелерінің су асты бөлшектерін тазарту;
балық аулайтын жабдықтарды тазарту;
жерлерді және қоғамдық пайдалану орындарын (жолдарды, қоқыс үйетін орындарды және т.б.) қалпына келтіру кіреді.

6.1.6. Жағалаулық аймақтағы ден қою шараларын үйлестіруші жағажайлардың ласталған топырағын, батпақтардағы және теңіздегі шөптерді ауыстырудың орындылығын; жоғалған балық қорларын қалпына келтіру әдістерін айқындайды.

6.1.7. Жағалаулық аймақтағы ден қою шараларын үйлестіруші жануарлар әлемі өкілдерін құтқару және сауықтыру бағдарламасын әзірлеу мен оның бағдарламасын жүзеге асыру үшін жауапты.

6.1.8. Жағалаулық аймақтағы ден қою шараларын үйлестірушінің пікірі бойынша, егер қолда бар тазарту технологиялары қоршаған ортаға төгілу келтірген зияннан зор нұқсан келтіретін болса, Жағалаулық аймақтағы ден қою шараларын үйлестіруші қандай да бір іс-қимылдарды жүзеге асырудың орындылығы және жиналмаған мұнай табиғи ыдырау процесіне ұшырайтыны туралы шешім қабылдауға құқылы. Мұндай жағдайларда, сондай-ақ тазарту жұмыстарын жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда мұнайдың табиғи ыдырауының процесіне мұқият бақылау жүзеге асырылады.

6.2. Жиналған мұнайды орналастыру

6.2.1. Жиналған мұнайды, басқа да улы заттарды, сондай-ақ ласталған материалдарды түпкілікті орналастыру Қазақстан Республикасының теңіз және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жобалау және жүргізу кезінде экологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтау жөніндегі нұсқаулықтың 6.2-бөліміне (ҚР ТР және ҚОҚМ және ҚР ЭИСМ, 1999) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғау талаптарына жауап беретін тәсілдермен орындалады.

6.2.2. Арнайы тұрақты сақтау резервуарларына қайта одан әрі айдауға арналған пластик қаптарды, бөшкелер мен бактарды қоса, оларға жиналған мұнайды жинақтау және орналастыру үшін қолға ұстайтын және жылжымалы сыйымдылықтарды пайдалануға рұқсат етіледі. Көп мөлшерде жиналған мұнай мен мұнай өнімдерін жинақтау үшін жиналатын мұнайды неғұрлым ірі кемеге, одан әрі жағадағы жеткізуге қолайлы орналасқан арнайы жағалау объектісіне арнайы жеткізу үшін баржаларға және жүзбелі ірі сақтау резервуарларына қайта айдау әдісі неғұрлым тиімді болып табылады.

6.2.3. Жиналған мұнайды қайта өңдеу қалдықтарды иеленудің қолайлы әдісі болып табылады және қолда бар технологияларды пайдалану үшін барлық мүмкін шараларды қолдану талап етіледі.

6.2.4. Мұнай сіңген құмды және басқа қоқысты сол жерде жағу Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің рұқсатымен, алайда уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген белгілі бір шектеулермен жою әдісі ретінде пайдаланылуы мүмкін. Жиналған мұнайды құрлықта орналастыру Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің арнайы рұқсатымен (Мемэпидемиологиялыққадағалаудың жергілікті органдармен келісім бойынша) және алдын ала белгіленген объектілерде ғана жүзеге асырылады.

7. Мониторингті ұйымдастыру және жұртшылықты ақпараттандыру

7.1. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары осы Ұлттық жоспарға сәйкес ден қоюға дайындық, төгілуге ден қою және оның зардаптарын жою мониторингінің өткізілуі үшін жауапты.

7.2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі мұнай құрылыстары мен жақын орналасқан аудандардың және мұнай мен мұнай құбыры компанияларының ден қоюға дайындығының мониторингін жүзеге асырады.

7.3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

теңіз және өзен кемелерінің, соның ішінде танкерлердің ден қоюға дайындығына мониторинг пен бақылауды жүргізеді.

7.4. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі мүдделі ведомстволарды, мұнай және көлік компанияларын т а р т а о т ы р ы п :

жауапты тараптың қаражаты есебінен және соның қолдауымен төгілуге ден қоюдың және оның зардаптарын жоюдың бүкіл кезеңінде су ортасы мен жағалаулық аймақтың кешенді мониторингін жүзеге асыруды;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне және Ден қою шараларын үйлестірушіге кемінде жарты жылда бір рет және жұмыстар аяқталғаннан кейін қалпына келтіру жұмыстарымен және табиғи ортаны сауықтыру дәрежесінің мониторингі бойынша есептерді табыс етуді қамтамасыз е т е д і .

7.5. Комиссияның атынан Ден қою шараларын үйлестіруші мониторингтің деректерінің және табыс етілген есептердің негізінде:

төгілу мәртебесіне және мұнайдың төгілуін оқшаулау және оны жою барысына қатысты пресс-релиздер мен хабарламалар дайындайды;

оқиға орнына бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінің келуімен байланысты мәселелерді келіседі;

жауапты тараптың және ден қоюға қатысатын басқа да ұйымдардың өкілдерімен брифингтер ұйымдастырады.

7.6. Бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыстар жұртшылықтың назарына жеткізілетін материалдарды берудің шынайылығын қамтамасыз ететін барынша ашық пен айқындық қағидатына негізделеді.

8. Төгілудің себептерін тексеру және жұмыстардың нәтижелері бойынша есептер

8.1. Мұнайдың төгілуін жою жөніндегі жұмыстар процесінде төгілулер авариялық немесе заңсыз екенін анықтау және келешекте мұндай төгілулерге жол бермеу шараларын қолдану мақсатында оның себептері айқындалуы тиіс.

8.2. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі және Мемэпидемиологиялыққадағалау органдары өз құзыретінің шегінде жоспарлы мониторингті жүргізу кезінде анықталған немесе Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің бақылауындағы әуе және теңіз кемелерінен байқалған мұнайдың төгілулерінің себептері комиссиялық тәртіппен белгіленеді. Тексеруді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі құрған арнайы топ ведомстволардың өкілдері, Комиссия мүшелерінің қатысуымен жүргізеді. Қажет жағдайда топтың құрамына

мүдделі ведомстволар мен компаниялардың өкілдері енгізілуі мүмкін.

8.3. Өзін жауапты тарап деп мойындаған компаниялар бір тәулік ішінде немесе Комиссиямен келісілген өзге мерзімдерде мұнайдың төгілуінің ықтимал себептерін Ден қоюды үйлестірушіге хабарлауға тиіс. Ден қоюды үйлестіруші төгілудің сипатына байланысты компаниялар хабарлаған төгілудің себептерін назарға алуы немесе Ден қоюды үйлестірушінің басшылығымен тексеруді ұйымдастыруы мүмкін. Тексеру нәтижелері Комиссия Оқиға болған жердегі жұмыстардың басшысы арқылы табыс етіледі.

8.4. Табыс етілетін деректердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында Оқиға болған жердегі жұмыстардың басшысы төгілу көзін анықтау үшін алынған барлық сынамаларды жинап, сақтайды және осы төгілудің әсерінің құжаттамасын жүргізеді, барлық талдаулардың көшірмелерін сақтайды, оқиғаның және шеккен шығыстардың хаттамасын жүргізеді. Мұндай құжаттама шығыстарды өтеуді есептеу және оларды құжатпен растау үшін пайдаланылады, сондай-ақ төгілу қатысында қолданылған ден қою шараларын кейін бағалауды жүргізуге мүмкіндік береді. Оқиға болған жердегі жұмыстардың басшысы барлық құжаттаманы Ден қоюды үйлестірушіге ден қою жөніндегі шаралар аяқталғаннан кейін береді.

8.5. Жұмыстардың басшысы немесе Жағалаулық аймақта ден қою шараларын үйлестіруші де осындай жұмысты жүргізеді. Осы құжаттама Ден қоюды үйлестірушіге кезеңді негізде, сондай-ақ төгілу зардаптарын жою және табиғи ортаны қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін соңғы есеп р е т і н д е та б ы с е т і л е д і .

8.6. Комиссия төрағасы төгілу жойылғаннан кейін тексеру материалдарын ескере отырып табыс етілген материалдар бойынша 2 апталық мерзімде оқиға туралы жинақ есепті дайындайды және оны одан әрі шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарауға ұсынады.

9. Экономикалық зиянды және оны өтеудің тәртібін айқындау

9.1. Төгілуге жол берген ұйым төгілуді жою үшін негізгі жауапты тұлға болып табылады. Төгілу келтірген экологиялық зиян үшін өтемді қоса алғанда, төгілуді жою, жағалаулық аумақтарды тазарту, оңалту мен қалпына келтіру жөніндегі барлық шығыстар, кінәсі болуына қарамастан, төгілуге жол берген компанияның (компаниялар тобының) есебіне жатқызылады.

9.2. Қазақстан Республикасының, ұйымдар мен жеке тұлғалардың мұнайдың ірі төгілуі жағдайында Жауапты тарапқа қолдау мен жәрдемді қамтамасыз ету жөніндегі шығыстарын Жауапты тарап Қазақстан Республикасына өтеуі тиіс.

Барлық шығыстар құжатпен расталуы және мүмкіндігінше алдын ала бекітілуге
т и і с .

9.3. Жауапты тарап айқындалмаған төгілуге ден қою жөніндегі жұмыстарды (атап айтқанда, бұл суға батырылған консервацияланған скважиналардан пайда болуы мүмкін төгілулерге қолданылады) қаржыландыру төтенше жағдайларды жою үшін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорының есебінен жүзеге асырылады.

9.4. Жауапты тарап мұнайдың төгілуін жоюды аяқтағаннан кейін немесе оны жою кезінде Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігімен келісім бойынша қалпына келтіру жұмыстарының ықпалын ескере отырып, оның қоршаған орта мен халықтың денсаулығына тигізетін әсерін бағалауды жүргізеді. Жауапты тарап айқындалмаған жағдайларда, бағалауды Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі жүргізеді.

9.5. Үшінші тараптардың қойған талаптарын ескере отырып жүргізілген экологиялық бағалау негізінде зардап шеккен учаскелерде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізудің баламалы әдістерін айқындау мақсатында, зиянды бағалау жүзеге асырылады. Қалпына келтіру жұмыстарының көлемін Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі тиісті уәкілетті органдармен бірлесіп айқындайды. Жағалаулық аймақта ден қою шараларын үйлестіруші мемлекет пен жеке меншік компаниялар жүзеге асыратын қалпына келтіру жөніндегі іс-қимылдар үшін жауап береді. Жағалаулық аймақта ден қою шараларын үйлестіруші өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде осы жоспардың және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінің негізгі қағидаттарын басшылыққа алады.

9.6. Комиссия жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша алынған материалдарды қорытуды қамтамасыз етеді, қорытындылар мен ұсыныстар дайындайды, оларды тиісті компаниялар мен мүдделі мемлекеттік органдарға ж е т к і з е д і .

Қажет жағдайда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне қажетті өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

10. Төгілуге ден қоюдың халықаралық мәністері

10.1. Төгілулерге ден қою мен жүргізілетін операциялардың, әсіресе Каспий мен Арал теңіздерінде жұмыстар бөлігінің әсерлерінің шекарааралық мәністерін қозғайтын төгілуге ден қою жөніндегі іс-қимыл тәртібі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісілуге тиіс.

10.2. Төгілулер немесе ұлттық заңдар шеңберінде жүзеге асырылатын, оларға ден қою шаралары басқа мемлекеттердің қоршаған ортасына неғұрлым қолайсыз әсер етуі мүмкін жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруымен, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тиісті шаралар қабылдау үшін осы мемлекеттерге қажетті ақпарат береді. Мұндай ақпаратта Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерімен тыйым салмайтын мәліметтер болуға тиіс.

10.3. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп немесе онымен келісім бойынша мүдделі мемлекеттермен өзара жедел іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету мақсатында Каспий жағалауындағы мемлекеттердің мұнайдың төгілулеріне ден қою және олардың зардаптарын жою жөнінде бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық конвенцияларға қосылуы жөнінде мемлекетаралық келісімдер жасасу туралы мәселені пысықтайды.

1-қосымша

Төгілу туралы хабарлама

(Ұйымның және объектінің атауы) _____

(Телефон) _____

(Факс) _____

Төгілу туралы хабарлау нысаны

1 Күні: Төгілу байқалған уақыт
2 Төгілу туралы хабарлаған тұлға Тел: Факс:
3 Төгілу орны мен оның мөлшері
Қондырғының/кеменің
атауы?.....

Ені?..... Ұзақтығы?.....

Төгілудің қондырғыға қатысты орналасуы?:
(мысалы, "С-В-ға 100 м").....

Төгілген мұнайдың мөлшерін бағалау: л/т
Төгілу жалғасуда ма? Иә/Жоқ Қандай бағытта?

4 Желдің жылдамдығы? Тораптар
Желдің бағыты? Градустар

5 Ауа-райы жағдайлары?:

Теңіздің жай-күйі (1-8)? Немесе толқынның
биіктігі?.....

Теңіздің температурасы?.....С

6 Мұнайдың немесе химиялық реагенттің түрі?:

(мысалы: мұнай, дизель отыны, газ конденсаты, гидросұйық, керосин және

т.б. Бұрғылау сұйығы үшін мұнай негізінде мұнайдың % үлесі беріледі)

7

Т ө г і л у к ө з і ? :

Т ө г і л у с е б е б і ? :

8 Фотосуреттер жасалды ма?: Иә/Жоқ

Талдау үшін сынамалар алынды ма?: Иә/Жоқ Қайдан?:

9 Басқа да ақпараттандырылған өкімет органдары:

10 Қолайсыз әсерді азайту және қайталама төгілудің алдын алу үшін
қ о л д а н ы л ғ а н ш а р а л а р ? :

11

Қолы:..... Күні:.....